

**"Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 04 қыркүйектегі № 342 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 311 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 қыркүйекте N 3893 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 қарашадағы № 284 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 05.11.2019 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 50-бабы 2-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. "Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 04 қыркүйектегі № 342 қаулысына (2015 жылғы 21 қазан "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3401 болып тіркелді) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі*

*Е. Сұлтанов*